

# ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ БАСТАМАЛАРЫ

## «Samgau» ғылыми-технологиялық бастамалар орталығы»



«САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ ТОБЫ  
ШЕҢБЕРІНДЕ ҚҰРЫЛҒАН  
«ҒЫЛЫМИ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ  
БАСТАМАЛАР ОРТАЛЫҒЫ»  
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС  
ҰЙЫМЫ ЖЕР ҚОЙНАУЫН  
ПАЙДАЛАНУШЫЛАРДЫҢ  
ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ  
ТӘЖІРИБЕЛІК-КОНСТРУКТОР-  
ЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫН ШОҒЫР-  
ЛАНДЫРУҒА ЖӘНЕ ЖҮЙЕЛЕУГЕ  
БАҒЫТТАЛҒАН.

В2022 жылдың желтоқсан айында Орталық «Астана» Халықаралық Қаржы Орталығының алаңында қайта тіркеу рәсімінен өтіп, «Samgau» ғылыми-технологиялық бастамалар орталығы» қоры (бұдан әрі — FTBO) коммерциялық емес ұйымына айналды.

FTBO мақсаты — ғылымды қажет ететін экономиканы дамытуға және халықтың әл-ауқатын жақсартуға ықпал ететін тиімді және ашық экожүйені қалыптастыру арқылы ғылыми зерттеулер мен инновациялық қызметті қолдау.

FTBO өзіне өтінім беруден бастап жобаны аяқтауға дейінгі барлық кезеңдердегі процестердің ашықтығы мен түсінікті болуын қамтамасыз ететін ғылыми-зерттеу және инновациялық жобаларды іріктеудің және іске асырудың сенімді жүйесін құру міндетін қояды. Бұл жүйенің тиімділігі жобаларды мұқият сараптау арқылы қамтамасыз етіледі, ал ашықтық оны іске асырудың әр кезеңінде жобаның мәртебесі туралы ақпаратқа қол жеткізу арқылы қамтамасыз етіледі.

FTBO ғылыми-инновациялық қоғамдастық пен индустрияның тиімді өзара іс-қимылының тетіктерін әзірлейді, сондай-ақ өндірістік процестерді оңтайландыруға бағытталған озық технологиялық міндеттерді шешу үшін елдің ғылыми және зияткерлік әлеуетін шоғырландыруға белсенді жұмыс істейді.

Ұлттық инновациялық және ғылыми-зерттеу жүйесінің бір бөлігі бола отырып, FTBO мемлекеттік органдармен, даму институттарымен, ғылыми-зерттеу ұйымдарымен және университеттермен, индустриямен және қаржы институттарымен өзара іс-қимыл жасайды.

Осылайша, компаниялардың ұзақ мерзімді экономикалық тұрақтылық пен әлемдік бәсекеге қабілеттілікке қол жеткізуі мақсатында Қор тобының ғылыми-технологиялық дамуы саласында бірыңғай саясат қалыптастырылуда.

2023 жылғы желтоқсаннан бастап Қордың жер қойнауын пайдаланушылары ғылыми зерттеулерді FTBO арқылы қаржыландыруды жүзеге асырады. «Бір терезе» қағидатына негізделген іріктеу мен қаржыландырудың жаңа тетігі Қор ішінде ресурстарды оңтайлы және ашық бөлудің негізгі құралына айналды. Бұл инновациялық жүйе ғылыми жобаларға тиімді қолдау көрсете отырып, ғылым мен өндірістің басым бағыттарын дамытады.

2023 жылы ғылыми-зерттеу жұмыстарына 84-тен астам өтінім қаралды. Қордың ғылыми-техникалық кеңесінің қарауына 5 перспективалық жоба шығарылды және мақұлданды.

# БІРЫҢҒАЙ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҒЫ



САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА  
БИЗНЕС  
СЕРВИС

2020 ЖЫЛДЫҢ ШІЛДЕСІНЕН  
БАСТАП «САМУРҰҚ-ҚАЗЫНА  
БИЗНЕС СЕРВИС» ЖШС  
(БҰДАН ӘРІ — КОМПАНИЯ)  
«САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ ЖАЛПЫ  
ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҒЫ  
РЕТІНДЕ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ.

## 2023 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

### ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР, МЫҢ ТЕҢГЕ

	2022	2023
Табыс	11 359 281	17 991 616
Өзіндік құны	(10 184 322)	(15 549 459)
Жалпы әкімшілік шығыстар	(1 070 107)	(1 090 029)
Компанияның салық салуға дейінгі таза пайдасы	78 987	1 159 239
Таза пайда	61 044	954 501
Жалғыз қатысушыға төленген дивидендтер	168 051	177 464

2023 жылы таза пайданың артуы бірқатар факторларға байланысты болды. Олардың негізгілері кадрлық әкімшілендіру бизнес-процестерінің аутсорсингін және Компания құжаттарын орталықтандырылған мұрағаттық сақтаудан түсетін кірістерді ұлғайту,

сондай-ақ "QazCloud" ЖШС еншілес компаниясының жаңа жобаларын табысты іске асыру болды.

Қазіргі уақытта Компания 5,4 мың қызметкерге қызмет көрсетеді — «ҚазМұнайГаз» ҰК «АҚ»,

Бұл рөл «Самұрық-Қазына» АҚ және компаниялар тобының бейінді емес функцияларын бірыңғай қызмет көрсету орталығына орталықтандыру есебінен негізгі бизнестің тиімділігін арттыру үшін 2020 жылғы 28 мамырда «Самұрық-Қазына» АҚ тобының ұйымдарында жаңғырту жөніндегі кеңес қабылдаған қайта құру бағдарламасы шеңберінде бекітілді.

Қазіргі уақытта компания Қор шеңберінде бірқатар негізгі функцияларды орындайды, соның ішінде:

- ◆ SAP клиентті сараптау орталығы;
- ◆ Комплаенс бойынша құзыреттілік орталығы;
- ◆ Жекешелендіру бағдарламасының Бірыңғай Операторы;
- ◆ Құжаттарды орталықтандырылған мұрағаттық сақтауды ұйымдастыру.

Компания «QazCloud» ЖШС еншілес ұйымының жарғылық капиталына қатысу үлесіне ие — 51% (49% — «Данекер Сала» ЖШС тиесілі). «QazCloud» ЖШС IT-инфрақұрылымды қолдау мен жаңғыртуды, виртуалды IT-ресурстарды жалға алуды және Қордың ақпараттық деректерін қорғауды қоса алғанда, IT-қызметтердің кең спектрін ұсынады.